

«БІР ТЕРЕЗЕДЕН» ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҒЫ

30-қарашада Өскемен қаласының Белинский көшесі, 37 А мекенжайында Үлбі аудандық халыққа қызмет көрсету орталығы ашылды. Орталықтың көгілдір лентасын қиған облыс әкімі В. В. Храпунов халыққа мемлекеттік қызмет көрсетуді едәуір жеңілдететін осындай орталықтар жуықта Октябрь ауданында, Жібек маталар комбинаты ықшам ауданында және Семей қаласында ашылатындығын айтты.

 **Айжанат БАҚЫТҚЫЗЫ**

“Бір терезе” қағидасы бойынша қызмет көрсету орталықтары халыққа мемлекеттік қызметтердің уақытында және сапалы көрсетілуін қамтамасыз етіп, тұрғындарды құжат рәсімдеу барысында әуресарсаңнан құтқарады, басқа да әкімшілік тосқауылдарды жоюға мүмкіндік береді.

Жөндеуден өткізіліп, ком-

пьютерлендірілген орталықта салық төлеушінің жеке куәлігін (СТН), АХАЖ құжаттарын рәсімдеу, жеке тұлғаларды есепке тұрғызу, жер қатынастары бөлімі, салық комитеті, АХАЖ бойынша дайын құжаттарды, азаматтарды тіркеу кітаптарын, төлқұжаттар мен жеке куәліктерді беру сияқты жеке және заңды тұлғаларға арналған мемлекеттік қызметтер көрсетіледі.